

Шымкент қаласының аумағындағы бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу үшін сатып алынатын, көрсетілетін қызметтердің құнын айқындаудың әдістемесін бекіту туралы

Күшін жойған

Шымкент қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 14 ақпандағы № 262 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 15 ақпанда № 26812 болып тіркелді. Күші жойылды - Шымкент қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 20 қаңтардағы № 238 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Шымкент қаласы әкімдігінің 20.01.2025 № 238 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Бұқаралық ақпарат құралдары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 4-4-бабы 4-1) тармақшасына, "Өңірлік деңгейде бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу үшін сатып алынатын көрсетілетін қызметтердің құнын айқындаудың үлгілік әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің міндетін атқарушының 2021 жылғы 19 мамырдағы № 173 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22807 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес, Шымкент қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Шымкент қаласының аумағындағы бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу үшін сатып алынатын көрсетілетін қызметтердің құнын айқындаудың әдістемесі бекітілсін.

2. "Шымкент қаласының ішкі саясат және жастар істері жөніндегі басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы оның ресми жарияланғаннан кейін Шымкент қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің бірінші орынбасары Ш.Мұқанға жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шымкент қаласының әкімі

М. Айтенов

Шымкент қаласы әкімдігінің
2022 жылғы 14 ақпандағы
№ 262 қаулысымен бекітілген

Шымкент қаласының аумағындағы бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу үшін сатып алынатын, көрсетілетін қызметтердің құнын айқындаудың әдістемесі

1. Шымкент қаласының аумағындағы бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу үшін сатып алынатын көрсетілетін қызметтердің құнын айқындаудың осы әдістемесі (бұдан әрі – Әдістеме) "Бұқаралық ақпарат құралдары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 4-4 бабының 4-1) тармақшасына сәйкес әзірленді және Шымкент қаласының аумағындағы бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу үшін сатып алынатын көрсетілетін қызметтердің құнын айқындау алгоритмін белгілейді.

2. Өңірлік деңгейде бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу үшін сатып алынатын қызметтердің құны (бұдан әрі – көрсетілетін қызмет) бұқаралық ақпарат құралдары қызметінің әрбір жеке түрі үшін осы Әдістеменің қосымшасына сәйкес жергілікті бюджет қаражаты есебінен бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу үшін сатып алынатын көрсетілетін қызметтердің базалық бағасына байланысты айқындалады.

3. Мерзімді баспасөз басылымдарында көрсетілетін қызметтің құны мынадай формула бойынша айқындалады:

1) газеттер үшін $P_n = V_n \times V \times K_q$ формуласы бойынша, онда:

P_n (price) – қосылған құн салығын ескере отырып, газеттердегі көрсетілетін қызмет құны;

V_n – газетте орналастырылатын бір шаршы сантиметрмен көрсетілетін қызметтің базалық бағасы;

V – газетте орналастырылатын, шаршы сантиметрмен есептелетін көрсетілетін қызмет көлемі;

K_q – газет таралымына түзету коэффициенті:

200 000 данаға дейін – 1,3;

100 000 данаға дейін – 1,15;

50 000 данаға дейін – 1;

30 000 данаға дейін – 0,9;

20 000 данаға дейін – 0,8;

10 000 данаға дейін – 0,65;

5 000 данаға дейін – 0,5;

2) журналдар үшін $P_m = V_m \times V \times K_q$ формуласы бойынша, онда:

P_m (price) – қосылған құн салығын ескере отырып, журналдардағы көрсетілетін қызмет құны;

V_m – журналда орналастырылатын бір шаршы сантиметрмен көрсетілетін қызмет үшін базалық баға;

V – шаршы сантиметрмен есептелетін журналда орналастырылатын көрсетілетін қызмет көлемі;

K_q – журнал таралымына түзету коэффициенті:

15 000 данаға дейін – 1,2;

10 000 данаға дейін – 1,1;

8 000 данаға дейін – 1;

5 000 данаға дейін – 0,9;

3 000 данаға дейін – 0,8;

1 000 данаға дейін – 0,7.

4. Интернет-ресурстағы көрсетілетін қызметтің құны $P_i = V_i \times V \times K_q$ формуласы бойынша айқындалады, онда:

P_i (price) – қосылған құн салығын ескере отырып, интернет-ресурстағы көрсетілетін қызметтің құны;

V_i – интернет-ресурста орналастырылатын көрсетілетін қызметтің бір таңбасының, секундiнiң, минутының, данасының базалық бағасы;

V – интернет-ресурста орналастырылатын көрсетілетін қызметтің таңбасымен, секундтармен, минуттармен, даналармен есептелетін көлемі;

K_q – бірегей пайдаланушылардың интернет-ресурсқа кіруінің орташа айлық санын есепке алуға арналған түзету коэффициенті:

айына 500 000 кірушіге дейін – 1;

айына 1 000 000 кірушіге дейін – 1,1;

айына 2 000 000 кірушіге дейін – 1,2;

айына 5 000 000 кірушіге дейін – 1,3;

айына 5 000 000 кірушіден астам болса – 1,4.

5. Телевизияда көрсетілетін қызметтің құны $P_{tv} = B_{tv} \times V$ формуласы бойынша айқындалады, онда:

P_{tv} (price) – қосылған құн салығын ескере отырып, теледидардағы көрсетілетін қызметтің құны;

B_{tv} – телевизияда орналастырылатын көрсетілетін қызметтердің бір секундiнiң, минутының, сериясының базалық бағасы;

V – телевизияда орналастырылатын көрсетілетін қызметтің секундтармен, минуттармен, сериялармен есептелетін көлемі.

Егер мемлекеттік ақпараттық тапсырысты қалыптастыру кезінде көрсетілетін қызметте телевизиялық жанрлары бойынша бөлінулер ескерілмеген жағдайда, телевизиялық көрсетілетін қызметтердің құны базалық баға (B_{tv}) бойынша есептеледі.

6. Радиоарнадағы көрсетілетін қызметтің құны $P_r = B_r \times V$ формуласы бойынша айқындалады, онда:

P_r (price) – қосылған құн салығын ескере отырып, радиоарнадағы көрсетілетін қызметтің құны;

B_r – радиоарнада орналастырылатын көрсетілетін қызметтердің бір секундiнiң, минутының базалық бағасы;

V – радиоарнада орналастырылатын көрсетілетін қызметтің секундтармен, минуттармен есептелетін көлемі.

Шымкент қаласының аумағындағы
бұқаралық ақпарат құралдарында
мемлекеттік ақпараттық саясатты
жүргізу үшін сатып алынатын
көрсетілетін қызметтердің
құнын айқындау
Әдістемесіне қосымша

Шымкент қаласының аумағындағы бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу үшін сатып алынатын көрсетілген қызметтердің базалық бағалары

№	Қызметтің атауы	Өлшем бірлігі	2022 жыл (теңге)	2023 жыл (теңге)	2024 және кейінгі жылдар (теңге)
1.	Қазақстан Республикасының аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымдарында (газет) көрсетілетін қызмет (ақпараттық материалды дайындау және орналастыру) (Bp)	ш а р ш ы сантиметр	385	389	405
2.	Шымкент қаласының аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымдарында (газет) көрсетілетін қызмет (ақпараттық материалды	ш а р ш ы сантиметр	200		216

	дайындау және орналастыру) (Bn)			208	
3.	Қазақстан Республикасының аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымдарында (журнал) көрсетілетін қызмет (ақпараттық материалды дайындау және орналастыру) (Bm)	ш а р ш ы сантиметр	1350	1404	1460
4.	Шымкент қаласының аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымдарда (журнал) көрсетілетін қызмет (ақпараттық материалды дайындау және орналастыру) (Bm)	ш а р ш ы сантиметр	182	189	197
5.	Республикалық маңызы бар мәселелерді жария ететін интернет-ресурста көрсетілетін қызмет (ақпараттық материалды дайындау және орналастыру) (Bі)	таңба	92	96	100
6.	Өңірлік маңызы бар мәселелерді жария ететін интернет-ресурста көрсетілетін қызмет (ақпараттық материалды	таңба	6		6,5

	дайындау және орналастыру) (Ві)			6,2	
7.	Қазақстан Республикасының аумағында таратылатын теле-радиоарналардың міндетті тізбесіне енгізілген телевизияда көрсетілетін қызмет (ақпараттық материалдарды өндіру және орналастыру) (Вtv)	минут	373 457	388 395	403 931
8.	Міндетті теле-радиоарналардың тізбесіне кіретін арналарды қоспағанда, Шымкент қаласының аумағында телерадио хабарларын таратудың ұлттық операторы тарататын еркін қолжетімді теле-радиоарналардың тізбесіне кіретін телевизияда көрсетілетін қызмет (жаңалық сюжеттер өндіру және орналастыру) (Вtv)	минут	8 750	9 100	9 464
	Міндетті теле-радиоарналардың тізбесіне кіретін арналарды қоспағанда,				

9.	Шымкент қаласының аумағында телерадио хабарларын таратудың ұлттық операторы тарататын еркін қолжетімді теле-радиоарналардың тізбесіне кіретін телевизияда көрсетілетін қызмет (ақпараттық-талдамалық, танымдық бағдарламалар өндіру және орналастыру) (Btv)	минут	17 250	17 940	18 658
10.	Міндетті теле-радиоарналардың тізбесіне кіретін арналарды қоспағанда, Шымкент қаласының аумағында телерадио хабарларын таратудың ұлттық операторы тарататын еркін қолжетімді теле-радиоарналардың тізбесіне кіретін телевизияда көрсетілетін қызмет (білім беру бағдарламалар өндіру және орналастыру) (Btv)	минут	16 750	17 420	18 117
	Міндетті теле-радиоарналардың тізбесіне кіретін				

11.	арналарды қоспағанда, Шымкент қаласының аумағында телерадио хабарларын таратудың ұлттық операторы тарататын еркін қолжетімді телерадиоарналардың тізбесіне кіретін телевизияда көрсетілетін қызмет (телевизиялық бағдарламалар өндіру және орналастыру) (Btv)	минут	17 700	18 408	19 144
12.	Міндетті теле-радиоарналардың тізбесіне кіретін арналарды қоспағанда, Шымкент қаласының аумағында телерадио хабарларын таратудың ұлттық операторы тарататын еркін қолжетімді телерадиоарналардың тізбесіне кіретін телевизияда көрсетілетін қызмет (ток шоу өндіру және орналастыру) (Btv)	минут	25 167	26 173	27 220
	Міндетті теле-радиоарналардың тізбесіне кіретін арналарды қоспағанда,				

13.	Шымкент қаласының аумағында телерадио хабарларын таратудың ұлттық операторы тарататын еркін қолжетімді теле-радиоарналардың тізбесіне кіретін телевизияда көрсетілетін қызмет (реалити-шоу өндіру және орналастыру) (Btv)	минут	23 917	24 873	25 868
14.	Міндетті теле-радиоарналардың тізбесіне кіретін арналарды қоспағанда, Шымкент қаласының аумағында телерадио хабарларын таратудың ұлттық операторы тарататын еркін қолжетімді теле-радиоарналардың тізбесіне кіретін телевизияда көрсетілетін қызмет (деректі фильм өндіру және орналастыру) (Btv)	минут	40 000	41 600	43 264
	Міндетті теле-радиоарналардың тізбесіне кіретін арналарды қоспағанда, Шымкент қаласының				

15.	аумағында телерадио хабарларын таратудың ұлттық операторы тарататын еркін қолжетімді телерадиоарналардың тізбесіне кіретін телевизияда көрсетілетін қызмет (бейнеролик өндіру және орналастыру) (Btv)	секунд	6 104	6 348	6 602
16.	Шымкент қаласының аумағында таратылатын радиоарнада көрсетілетін қызмет (ақпараттық бағдарламаларды дайындау және орналастыру) (Bг)	минут	11 564	12 027	12 508
17.	Шымкент қаласының аумағында таратылатын радиоарнада көрсетілетін қызмет (аудиоролик дайындау және орналастыру) (Bг)	секунд	539	561	583